

түсіндіру арқылы ғана қамтамасыз етіледі, ол әр түрлі типтегі жалқы есімдерге қатысты белгілі бірзандылықтарға ие.

Сөйлеуші (атаушы) есімдер мен лақап аттар, мүмкіндігінше, «аударма тілінде кем дегенде шамамен бірдей анықтамалық мағынаға ие баламасын іздеу арқылы беріледі. Коннотациялық онимдер аударма тілінде әр түрлі түсініктемелер, сипаттамалар арқылы беріледі, сонымен қатар мәтінде тым көп бейтаныс элементтердің алдын алу үшін аудармашы реалияны түсіріп тастауы да мүмкін.

Географиялық реалияларды аудару кезінде ерекше немесе сирек кездесетін атау басқа атаумен ауыстырылған кезде *генерализация* тәсілі жиі қолданылады.

Егер түпнұсқа мәтінде басқа мәдениеттің өкіліне түсініксіз сөз, сөз тіркесі не мағлұмат берілсе, аудармашының сипаттама аударма немесе нақтылау әдістерін пайдалануына болады.

Жоғарыда сипатталған әдістердің қайсысы тиімді екенін нақты айту қиын, ол мәтінге, аудармашының кәсіби машығына және басқа да себептерге байланысты. Кез- келген аударма амалын таңдаудағы мақсат- аударманың сәтті шығуы. Мәтінді аудару кезінде нақты тәсілді таңдау үшін: мәтін типі, контекстегі реалияның маңыздылығы, реалияның табиғаты, оның шет және аударма тілдерінің лексикалық жүйелеріндегі орны, сөзжасам мүмкіндіктері, аударылған мәтіндерді оқитын екі тілдің тілдік және әдеби дәстүрлері тәрізді ерекшеліктерді ескеру қажет. Әдебиеттің жанрлық ерекшеліктері реалияларды аудару әдісін таңдауға айтарлықтай әсер етеді. Ғылыми мәтінде реалия көбінесе термин болып табылады. Журналистикада көбінесе транскрипция, көркем әдебиетте – транскрипция немесе сипаттамалық аударма арқылы аударылады. Ал диалогтарда транскрипция тәсілін қолданудан аулақ болу керек [1, 142-143 б.].

Қорыта айтқанда, аударма әдісін таңдағанда, реалия өзге тілден (үшінші тілден алынған) енген болуы мүмкін екенін ескеру қажет. Шет тілден алынған реалияның мағынасын әдетте түпнұсқа авторы өзі ашады. Егер түпнұсқа авторы қандай да бір реалияға ерекше назар аударса, ондай бірліктің мағынасын сақтап қалу үшін аудармада транскрипциялау тәсілін қолданған жөн, осылайша ұлттық бояу мен тарихи колоритті сақтап қалуға болады. Алайда мәтінде транскрипцияланған реалиялар тым көп болмауы керек деп саналады- бұл оқырманға түпнұсқаға жақындауға кедергі болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Бархударов Л.С. Язык и перевод / Л.С. Бархударов. - М.: Междунар. отношения, 1975. - 240 с.
2. Виноградов В.С. Перевод. Общие и лексические вопросы. Учебное пособие. 2-е изд-е, перераб., М.: КДУ, 2004. - 240 с
3. Ермолович Д.П. Имена собственные на стыке языков и культур. -М.: Р.Валент, 2001. - 200 с.
4. Иванов А.О. Английская безэквивалентная лексика и ее перевод на русский язык. Учебное пособие. Л.: изд-во ЛГУ, 1985. - 95 с.
5. <https://tilmedia.kz/en/post/157>

ОӘК 347.78.034

АНИМАЦИЯЛЫҚ ФИЛЬМДЕРДІ АУДАРУДАҒЫ АУДАРМА СТРАТЕГИЯЛАРЫ ("ЛУКА" ЖӘНЕ "МҮЗДЫ ӨЛКЕ" МУЛЬТФИЛЬМДЕРІНІҢ АУДАРМАЛАРЫ НЕГІЗІНДЕ)

Алтынбекова Алима Қанатқызы, Бектлеуова Аружан Сәулетқызы
alima.altyn@mail.ru aruzhan.bs@yandex.kz

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 6В02307 «Аударма ісі» мамандығының 3 курс студенттері,
Нұр-Сұлтан, Қазақстан.
Ғылыми жетекшісі – PhD, аға оқытушы Ж.К. Алшинбаева

Балалардың кино өнерінен хабардар болуы мультипликациядан басталатыны белгілі. Бұл тұрғыдан келгенде анимациялық фильмдерді аудару отандық кинотану және аударматану бағыттарында аса маңызды да күрделі үдеріс болып табылады. Осыған орай, Қазақстан Республикасының ақпарат және қоғамдық даму министрі өткізілген кезекті жиында шетелдік телеарналары мен дүниежүзіндегі балаларға арналған шығармаларды қазақ тіліне аудару туралы ұсыныс жасалды.

Көптеген көрермен анимациялық фильмдерді шет тілдерінен қазақ тіліне аудару үшін кәсіби аударма бюросы әрдайым қажет емес деп санайды. Бірақ бұл – қате түсінік. Анимациялық фильмдерді аудару күрделі техникалық мәтіндерді немесе көркем романдарды аударудан кем емес шеберлікті қажет етеді. Анимациялық фильмдерді аудару кезінде аудармашының тілдік білімі терең болып қана қоймай, ол сөздік қорын әрқашанда жетілдіріп отыруы тиіс. Бұндай аударманың түрі аудармашыдан көркем-мәдени стиль мен ауызекі стильді өзінде біріктіруді қажет етеді.

Фильмдердің аудармасына арналған еңбектерді қарастыра отырып, В.М. Котелевская өз ізденісінде аудиовизуалдық аударманың дауысты, субтитр және дубляждық секілді түрлерін атап көрсетеді [1]. Олар:

1. Дауысты аударма - бастапқы аудио жолдың үстіне сәл кідіріспен жазылады, сондықтан көрермен түпнұсқаны да, аударманы да ести алады.

2. Субтитр – фильмнің негізгі мазмұнын көрсететін және мәтіндік түрдегі фильмнің көрнекі дәйектілігін, әдетте, экранның төменгі жағында сүйемелдейтін фильм диалогтарының қысқартылған аудармасы. Аударманың бұл түрін қолдану барысында аудармашы орындауы тиіс белгілі талаптар бар: кеңістік пен уақыт параметрлері (жолдар мен таңбалар саны, мәтіннің орналасуы, қаріп пен мәтін стильдері, мәтіннің ұзындығы, сонымен қатар оларды экранда оқу үшін оңтайлы субтитр жылдамдығы бар экран).

3. Дубляж – аудиовизуалды туындыларды (фильмдер, мультфильмдер, телехикаялар, аниме және т.б.) аударудың бір түрі, бұл туындыны басқа елдерде көрсету үшін актерлердің шет тілінде сөйлеуі толығымен басқа тілге ауыстырылады [1]. А.В. Козуляев атап өткендей, дауысты аударманы ілеспе аударманың бір түрі деуге болады [2].

Толық дубляжға аудару кезінде әртістердің мимикасы мен артикуляциясын синхрондау қажет (lip-sync немесе еріндік-синхрондау). Аудиовизуалды аударма түрлерімен қатар аударманың өзіндік қиындықтары да бар екені сөзсіз. Негізінде бұл түпнұсқаны сөзбе-сөз жеткізу мәселесі. Субтитрлік аударма түрі сияқты дубляждық аудармада кеңістіктік және уақыттық параметрлерін ескерген жөн. Сонымен қатар, мәтінді түпнұсқа тілінен аударған кезде мәтіннің кез-келген бірлігі үшін қолайлы эквивалентті іздеуге назар аудару керек, ең бастысы, бастапқы тілдің де, аудармашының да мәдени стилінің ерекшеліктерін сақтау керек.

Анимациялық фильмдерді аудару - аударманың күрделі әрі қызықты түрінің бірі. Яғни, белгілі бір мультфильмнің мазмұнын түсіну бір басқа, ал оны екінші немесе үшінші тілге жеткізу үлкен кәсіби шеберлікті талап етеді.

Аудиовизуалды аударма мәселесін алғаш зерттегендердің бірі В.Е. Горшкова оны лингвистикалық, семиотикалық және лингвомәдени ерекшеліктері тұрғысынан қарастырады. Кинодиалог аудармасын зерттеуге арналған еңбегінде зерттеуші аударманың біртұтас моделін ұсынады, онда кинодиалог мынадай компоненттердің қосындысы ретінде қарастырылады: сөйлеуші, мағына, беру арнасы және түпнұсқа рецепторы. Тиісінше аударылған

кинематографиялық диалог жоғарыда аталған компоненттерге және аударылатын тіл рецепторларының лингвомәдениетінің ерекшелігіне сәйкес өзгереді [3].

Дубляж жасау кезінде ағылшын тіліндегі мәтін қазақшаға жай аударылмай, ауызекі тілге бейімделіп, заманға сай өңделгені айқын байқалады. Кейіпкерлердің сөздері, әзілдері сөзбе-сөз емес, жергілікті мәдениетке сай аударылған. Мысалы, "Лука" анимациялық фильмінде дубляж жасау кезінде көріністің мағынасын айқын жеткізу үшін "отпен ойнап жүрміз", "аузыңа май, астыңа тай" сынды қазақша тұрақты тіркестер қолданылған. Мультфильм сюжеті теңізбен байланысты болғандықтан "ит өлген жер" тұрақты тіркесі "кит өлген жер" деп жақсы өзгертілген. Сондай-ақ соңғы уақытта кең тараған "42 500", "Жұмабектің бажасы", "Қуып кету" деген сөздер сәтті енгізілген. Фильмнің дубляж режиссері Назерке Леспекқызының айтуынша, осындай ұсақ-түйектер арқылы фильм тек балаларға емес, ересек адамдарға да қызықты әрі түсінікті болады.

Анимациялық фильм мәтіндерінің аудару сипатын қарастырып талқылау барысында шартты түрде мынадай лексика-грамматикалық топтарға жіктеп талдауға болады:

ұлттық мәдени нышанды бірліктердің аудармасы

әзіл-ысқақ (каламбур) аударма немесе лингвистикалық анекдот арқылы аудару

риторикалық сұрақтардың аудармасы

тұрақты тіркестердің аудармасы

1. Ұлттық мәдени нышанды бірліктердің аудармасы.

Анимациялық фильмдерді ағылшын тілінен қазақ тіліне аударғанда ұлттық мәдени нышанды бірліктер арқылы беруге басымдық жасағандығы байқалады. Мысалы:

№1 - кесте

Түпнұсқа тілі	Дәнекер тіл	Аударма тілі
Hi! [5].	Здравствуй! [5].	Есенсің бе! [6].
Now, excuse me [5].	Мне очень жаль [5].	Айып етпессіңдер[6].

Мысалдарды талдайтын болсақ, аударма тілі балалар лексикасына таныс емес бірліктер арқылы ұсынылғаны көрінеді. Бұл тұста аудармашы доместикация стратегиясын ұтымды пайдаланған, яғни анимациялық фильм кейіпкерлерін қазақ балаларының танымына жақын сөйлеткен.

Аудармашы қазақ тілінің қаншалықты бай екендігін, оның мәдениетін аударма арқылы жеткізгісі келді деген пікір қалыптастыруға болады. «Есенсің бе!» дегеннің орнына «Сәлем!», ал «Айып етпессіңдер» бірлігінің орнына «Кешіріңіз» деп аударуға болар еді, дегенмен олай сөзбе-сөз аударма арқылы беру қазақ ұлттық әдеби тілінің айшықтылығын көрсете алмас еді.

2. Әзіл-ысқақ (каламбур) аударма немесе лингвистикалық анекдот арқылы аудару.

Мысалы:

№2 - кесте

Түпнұсқа тілі	Дәнекер тіл	Аударма тілі
Feast your eyes on the greatest Vespa the world has ever seen! [7].	Полюбуйтесь на самую на самую прекрасную веспу в мире [7].	Қарсы алыңыздар, Жұмабектің бажасы келе жатыр [8].
We are setting up a reward. Someone is	Мы назначим награду. Кто то сорвет хороший	Біз сияқы тағайындадық. Ұстаған адамға 42500 береміз

gonna win a nice price [7].	куш [7].	[8].
-----------------------------	----------	------

Осы екі мысалда қазақ тіліндегі аударма нұсқасына назар аударатын болсақ, түпнұсқа тіліне сәйкес келмейтін аударма жағдайы орын алады. Бір жағынан аударманың бұндай жолмен берілуі біздің қазақ әзіл-ысқақ әлеміне жақын аударма деп тануға болады, алайда осы жерде оны балалар түсіне алды ма деген сұрақ туындайды. Олардың атынан көп сұрақ туындаған жоқ па? Негізінен бұл жерде түпнұсқа тілінен аударма жасап, *Қарсы алыңыздар! Әлемдегі ең керемет Веспа келе жатыр* десе аударма барлық жас санатындағы көрермендерге түсінікті болар еді. Анимациялық фильмдердің негізгі көрермені балалар болғандықтан осындай аударманың олардың дамуына, сөздік қорының жетілуіне өз үлесін қосады деп тануға болмайды.

3. Риторикалық сұрақтардың аудармасы. Мысалы:

№3 - кесте

Түпнұсқа тілі	Дәнекер тіл	Аударма тілі
You can't marry a man you just met [5].	Нельзя выходить за первого встречного [5].	Танымайтын адамға қалай күйеуге шықпақсың? [6].
Where did you get them? A dead body? [7].	О какие стильные шмотки. С кого вы их сняли, с утопленника? [7].	Киімдерің қандай күшті. Қай ата бабаларыңның көзін көрген? [8].

Бірінші мысалдағы қазақ тіліндегі аудармада риторикалық сұрақ қою тәсілімен хабарлы сөйлемді сұраулы сөйлемге аудару жолы қолданылған. Осы орайда неліктен деген сұрақ туындауы мүмкін. Бұл жерде аудармашы түпнұсқадағы сөйлемнің негативті тұрғыда емес, оның жай ғана факт ретінде айтылғанын көрсеткісі келді. Яғни бұл жерде екі мәдениеттің арасындағы айырмашылықты байқауға болады.

Ал екінші мысалда керісінше сұраулы сөйлемдерді хабарлы сөйлемге аудару тәсілін қолданған. Тағы бір назар аударатын жайт, аударманың берілу тәсілі. Бұл жерде "Қай ата бабаларыңның көзін көрген?" деген аударма балалар тарапынан сұрақ туындатуы мүмкін. Егер түпнұсқа мен дәнекер тілдерге назар аударатын болсақ ол жерде әңгіменің нақты кім туралы болып жатқанын көреміз, ал қазақ нұсқасында әдеби стильдің қолданылуы орынды болды деп айта алмаймыз.

4. Тұрақты тіркестердің аудармасы. Мысалы:

№4 - кесте

Түпнұсқа тілі	Дәнекер тіл	Аударма тілі
What is wrong with you, stupido [7].	Вы нормальные, идиоти [7].	Бастарың қақпайма, ступидо [8].
Don't worry about it [7].	Можешь не волноваться [7].	Бас қатырмасаңыз болады [8].

Бұл мысалдарды қарастыратын болсақ аударма тіліндегі нұсқа балалардың лексикасы мен олардың қабылдауына нұқсан келтіреді деген ой қалыптасты. Аударма тіліндегі тұрақты тіркестердің қолданылуы көбінесе қазақ халқының жасы үлкен қауым арасында кездеседі. Ал

балалар арналған әдебиеттерде? Оның орнына *Саған не болды және Уайымдамаңыз* деп аударма жасаса әдеби тіл лексикасына жақын әрі аудармаға деген жағымсыз сезімді қалыптастырмайды.

№5 - кесте

Түпнұсқа тілі	Дәнекер тіл	Аударма тілі
I love your confidence [7].	Настрой отличный [7].	Аузыңа май астыңа тай [8].
Alberto, this is too dangerous [7].	Альберто тут кругом опасности [7].	Алберто, отпен ойнап жүрміз [8].

Бұл мысалдарда аудармашының қаншалықты лайықты аударма жасағанын көруге болады. Осындай фразеологиялық тіркестерді қолдану арқылы балалардың сөздік қорына, түсініктеріне жаңа толқын әкеледі. Аударма түсінікті болуымен қатар қазақ тілінің қаншалықты бай екенін көрсетіп тұр.

№6 - кесте

Түпнұсқа тілі	Дәнекер тіл	Аударма тілі
You look beautiful-ler. I mean not fuller. You don't look fuller. But more beautiful [5].	А ты еще больше. Не в смысле что ты стала еще больше, а что еще красивее [5].	Сен тіпті сұмдықсың. Сұмдық емессің. Бетін ары қылсын [6].
If you swoon, let me know. I will catch you [5].	Смотрите не потеряйте голову! [5].	Басыңыз айналса, айтыңыз, өзім бармын [6].

Ағылшын мен орыс нұсқаларында *бетін ары қылсын* деген сөз тіркесі жоқ, оны аудармашы өз тарапынан қосқан. Бұл жерде Анна Эльзаны ренжітіп алмас үшін айтқан болатын.

Қазақ тіліндегі аударма түпнұсқа тілі арқылы аударма жасалған. Орыс нұсқасына қарасақ аудармашы сөз тіркесін қолданған. Бұл жерде мән беретін жайт ол *өзім бармын* деген тіркестің қолданылуы. *I will catch you* сөйлемін аударатын болсақ *мен сені ұстап аламын* деп аударсақ дәрекі және балаларға қандай да бір жағымсыз мағынада берілуі мүмкін. Бұл жерде *сізге қол ұшын созамын* деп берілсе, қазақ мәдениетіне сай және балалардың сөздік қорын байытуға үлесін қосатын еді.

№7 - кесте

Түпнұсқа тілі	Дәнекер тіл	Аударма тілі
I'm sorry. I'm confused [5].	Прости, я не понимаю [5].	Кешір, түсінсем бұйырмасын [6].

Аудармашы қазақ тіліндегі өз тіркесін пайдалана отырып көркем түрде берген, яғни аудармашы көркем әдеби стилінің бірлігін сәтті пайдалана алған деуге болады.

Бүгінде отандық аударма ісі аудиовизуалды аударма феноменін түсіну және оның ерекшеліктері мен заңдылықтарын зерттеу бағытында алғашқы қадамдар жасауда. Аудиовизуалды аударма аударма іс – әрекетінің ерекше түрі емес, тек ауызша немесе көркем аударманың бір түрі деген пікір әлі де кездеседі. Сондықтан бұл құбылысты зерттеу тәсілдерін

талдау бұл оңай емес екендігіне тағы бір көз жеткізеді. Осыған байланысты аудиовизуалды аударманы зерттеудің отандық парадигмасын әзірлеу, аудиовизуалды өнімді қазақ тіліне аударудың негізгі тәсілдерін қарастыратын дескриптивті аудармаға сәйкес эмпирикалық зерттеулер жүргізу, әртүрлі платформалардың (теледидар, кинотеатр, DVD, мобильді құрылғылар және т. б.) көмегімен көрсетуге арналған аудиовизуалды туындыларды аудару ерекшеліктерін, әртүрлі жанрдағы туындыларды аудару ерекшеліктерін, тифлокомментарий (*Тифлокомментарий - загіптар, наишар көретіндер үшін көрнекі ақпаратты алмастыру немесе толықтыру үшін арнайы дайындалған ақпарат* [4].) мен аудиодескрипцияны құру мәселелерін және т.б. зерттеу қажеттілігі туралы сенімді түрде айтуға болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Котелевская, В. М. Особенности аудиовизуального перевода на примере фильма «Пираты карибского моря: сундук мертвеца». 2020.
2. Козуляев А. В. Сборник статей / А.Козуляев. – Москва : Старая Басманная, 2013. – 101 с.
3. Горшкова В.Е. Перевод в кино: дублирование vs. субтитры (на материале фильма Люка Бессона «Ангел.а», Франция, 2005 г.) // Вестник НГУ. Серия: Лингвистика и межкультурная коммуникация. 2007. Т. 5, вып. 1. С . 135
4. Сергеевич, Б.И. (2018). Молодой учёный. №3 (09) ed. Ахметов Ильдар Геннадьевич, р.48.
5. “Холодное сердце (2013).” Rezka.ag, rezka.ag/cartoons/fantasy/1157-holodnoe-serdce-2013.html. Accessed 30 Mar. 2022.
6. “Мұзды өлке Қазақша - мультфильм көр.” Kinokor.kz, 16 Feb. 2019, kinokor.kz/cartoons/material/id/21. Accessed 30 Mar. 2022.
7. “Лука (2021).” Rezka.ag, rezka.ag/cartoons/fantasy/39273-luka-2021.html. Accessed 30 Mar. 2022.
8. “Лука Қазақша - мультфильм көр.” Kinokor.kz, 9 Oct. 2021, kinokor.kz/cartoons/material/id/94. Accessed 30 Mar. 2022.

ОӘК 347.78.034

ЧАРЛИ ЖӘНЕ ШОКОЛАД ФАБРИКАСЫ ПОВЕСІНДЕГІ ОНОМАТОПЕЯНЫҢ АУДАРЫЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Алтынбекова Алима Қанатқызы, Бектлеуова Аружан Сәулетқызы

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 6B02307 «Аударма ісі» мамандығының 3-курс студенттері,
Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

alima.altyn@mail.ru aruzhan.bs@yandex.kz

Ғылыми жетекшісі: магистр, оқытушы А.Н. Калтенова

Адамның сөйлеуі – бұл психикалық және физикалық және шығармашылық болып табылатын күрделі процесс. Шығармашылық – адамды жануардан ажырататын факторлардың бірі. Бұл адамдардың жаңа нәрсені жасауға және ойлап табуға деген ұмтылысы, бұл прогрестің қозғаушы күші, соның арқасында сөйлеу пайда болды. Тілдің өзі сияқты сөйлеудің де сөзжасамсыз өмір сүре алмайтындығы, ал сөзжасам өз кезегінде сөздің ыңғайлы да дұрыс болуына ықпал ететін жаңа сөздер мен сөз тіркестерін тудыру мақсатын көздейтін шығармашылық үдерістен басқа ештеңе емес екендігі осыны дәлелдейді [1].